

Приозерск қалалық мәслихатының 2012 жылғы 10 сәуірдегі № 5/38 "Приозерск қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері және тәртібі туралы Ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының 2016 жылғы 21 маусымдағы III сессиясының № 3/28 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 14 шілдеде № 3899 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңдарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Приозерск қалалық мәслихатының 2012 жылғы 10 сәуірдегі № 5/38 "Приозерск қаласының тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері және тәртібі туралы Ережесін бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8-4-278 болып тіркелген, 2012 жылғы 11 мамырдағы № 18 (251) "Приозерский вестник" газетінде жарияланған), келесі өзгерістер енгізілсін:

1) Приозерск қаласы тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі мен мөлшері туралы Ереженің 19-тармағы жаңа редакцияда мазмұндалсын;

"19. Түскен құжаттарды қарастыру нәтижесінде уәкілетті орган бланкілер үлгісін (1, 2, 3 қосымшалар) толтырады және тұрғын үй көмегін алушылардың жеке істері тізіледі. Ай сайын тұрғын үй көмегі есебін жүргізеді және өтініш иесіне өтініш жасауына қарай беріледі.";

2) Приозерск қаласы тұрғындарына тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі мен мөлшері туралы Ережесінің 1, 2, 3 қосымшалары осы шешімнің 1, 2, 3 қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім алғаш жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Қалалық мәслихат хатшысы*

*Д. Дюсембаев
Б.Сәрсембеков*

Приозерск қалалық мәслихатының
2016 жылғы 21 маусымдағы
№ 3/28 шешіміне
1 қосымша

Приозерск қаласының тұрғындарына тұрғын
үй
көмегін көрсету мөлшері және тәртібі туралы

Отбасы құрамы мен тұрғын үй алаңының жалпы ауданы туралы анықтама

Азамат (ша) _____
оның: _____ көшесі (шағын аудан) _____ үй _____
пәтер _____ мекенжайы бойынша тұратындығын растау үшін берілді.
Отбасы құрамы _____ адам.
Тұратын алаңы _____ шаршы метр.
Пәтерге (үйге) құқығын белгілейтін құжат N _____

Тұрғын үй иесімен бірге келесі адамдар тұрады:

Т.А.Ә.	Туған жылы	Туыстығы	Қай уақыттан бері тұрады

Анықтама азаматтарды тіркеу кітабының негізінде толтырылды.

Маманның қолы _____

Қабылдау мерзімі _____

Приозерск қалалық мәслихатының
2016 жылғы 21 маусымдағы
№ 3/28 шешіміне
2 қосымша

Приозерск қаласының тұрғындарына тұрғын
үй
көмегін көрсету мөлшері және тәртібі туралы
Ережеге
2 қосымша

Отбасының барлық мүшелерінің кірістері туралы анықтама

1. Отбасы мүшесінің Т.А.Ә. _____

Айы	I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII	Барлығы
Кірістің түрі													
Кірістің сомасы													

2. Отбасы мүшесінің Т.А.Ә. _____

Айы	I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII	Барлығы
Кірістің түрі													
Кірістің сомасы													

3. Отбасы мүшесінің Т.А.Ә. _____

Айы	I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII	Барлығы
Кірістің түрі													
Кірістің сомасы													

Өтініш берушінің қолы _____

Күні _____

Приозерск қалалық мәслихатының
2016 жылғы 21 маусымдағы
№ 3/28 шешіміне
3 қосымша

Приозерск қаласының тұрғындарына тұрғын
үй
көмегін көрсету мөлшері және тәртібі туралы
Ережеге
3 қосымша

**20 ____ жылғы _____ бойынша тұрғын үйді ұстау және
коммуналдық қызметтер төлемдерінің шығындары туралы
анықтама**

Төлеуші _____

(пәтер иесінің (жалдаушы) Т.А.Ә.)

Мекен-жайы _____

Жалпы ауданы _____ шаршы метр.

Бөлме саны _____

Үйдің жалпы сипаттамасы _____

(ыстық сумен қамтамасыз ету)

Төлем түрлері	Тариф	Есептелгені	Мекеменің мөрі
1. Тұрғын үйді ұстау шығындары (ПИК, ПИТК)			
2. Жылыту жүйесі			
3. Ыстық су			
4. Суық су			
5. Кәріз			
6. Электр энергиясымен қамтамасыз ету			

7. Қоқыс шығару			
8. Телефонға абоненттік төлем			

Маманның қолы _____
Қабылданған күні _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК